

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЕАҚ «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті»
Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы



**II Spring International Scientific and Practical ONLINE
Conference “Innovative Approaches of Language Teaching:
Bridging Theory and Practice”**

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая
конференция «Инновационные подходы преподавания
языков: слияние теории и практики»**

PROCEEDINGS

Astana, Kazakhstan

April 4, 2026

УДК 80/81
ББК 81.2

Жалпы редакциясын басқарған: Дүйсенғазы С. М.
Редакция алқасы: Балхимбекова П.Ж., Тусупбекова М.Ж., Кызырова А.М.

Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру:
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 4 сәуір 2026 ж./ – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2026. – 454 бет.

ISBN 978-601-385-215-7

«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты ІІ көктемгі халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында шетел тілдерін оқыту саласындағы озық тәжірибелермен алмасуға, мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға, цифрлық дәуір жағдайында шетел тілдерін оқытудағы инновациялық технологияларды таратуға, сондай-ақ халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған ғылыми-практикалық зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда білім алушылар мен жас ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерге белсенді қатысуын ынталандыру мәселелері қарастырылған.

В сборник материалов ІІ весенней международной научно-практической конференции «Иновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики» включены результаты научно-практических исследований, направленных на обмен передовым опытом в области преподавания иностранных языков, укрепление межкультурной коммуникации, распространение инновационных технологий обучения в условиях цифровой эпохи, а также расширение международного научно-академического сотрудничества. В материалах рассматриваются вопросы стимулирования активного участия обучающихся и молодых ученых в исследованиях в данной области.

The proceedings of the ІІ Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice” include the results of scientific and practical research aimed at sharing advanced experience in foreign language teaching, strengthening intercultural communication, disseminating innovative teaching technologies in the digital age, and expanding international scientific and academic cooperation. The materials also address issues related to encouraging the active participation of students and young researchers in this field.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-385-215-7

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
За материалы, включённые в данный сборник, ответственность несут авторы. Authors
are responsible for the content of their materials



NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”
Philological faculty
Foreign Languages Department

II Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая конференция
«Инновационные подходы преподавания языков: слияние
теории и практики»**

The Main Themes of the Conference:

1. Teaching foreign languages for professional and interdisciplinary purposes.
2. Innovative technologies in foreign language teaching methodology.
3. Language training in the context of multilingualism and lifelong learning.
4. Language education based on digital technologies and artificial intelligence.

Organizing Committee:

<i>Serikzat Duissengazy</i>	– Dean of the Faculty of Philology, candidate of philological sciences, professor
<i>Balkhimbekova Perizat Zhanatovna</i>	– Head of the Foreign Languages Department, PhD, assistant professor
<i>Mukhtarkhanova Ainagul Madiевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Tussupbekova Madina Zhanbyrbaевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Kurmanayeva Dina Kassymbekovna</i>	– PhD, associate professor
<i>Tazhitova Gulzhakhan Zarubaевна</i>	– PhD, assistant professor
<i>Kyzyrova Assem Manarbekovna</i>	– candidate of philological sciences, a senior teacher
<i>Sadykova Aigul Kudaibergenovna</i>	– PhD, assistant professor
<i>Mukanova Saltanat Kanatkhalievna</i>	– MSc, a senior teacher

CONTENTS

SECTION 1. TEACHING FOREIGN LANGUAGES FOR PROFESSIONAL AND INTERDISCIPLINARY PURPOSES

Navigating Cultural, Linguistic, and Contextual Challenges in English to Turkish Poetry Translation: A Study of Elizabeth Barrett Browning’s “Mother and Poet” and “The Cry of the Children”, and Alfred Lord Tennyson’s “The Lady of Shalott” and “Mariana” <i>Mustafa Canli</i>	15
Literary texts in Turkish language teaching: bridging literature and language acquisition <i>Asım Aydın</i>	23
Student attitudes toward flipgrid integration in online speaking tasks after the 2023 Turkiye earthquakes <i>Kübra Kırac Demiray</i>	29
The importance of differentiated instruction in the efl classroom: a teacher-researcher perspective <i>Toktosunova Z.R., Mamarasulova A.B.</i>	39
«Цифровой мост» в формировании языковой компетенции: эффективность онлайн-курса делового английского языка для студентов неязыковых специальностей <i>Гололобова О.А.</i>	45
Building the 21st-century student profile in higher education foreign language programs: a transdisciplinary competency-based framework, validity logic, and an AI-replicability stress test <i>Natalia Abdel Fattah</i>	54
Traditional methods and modern techniques of teaching and research: ELT in the AI era <i>Kalyana Chakravarthi Thirunagari</i>	62
Роль укрепления традиционных смыслов и ценностей в процессе преподавания дисциплины «иностраный язык» в ВУЗе <i>Витрук Л. Ю., Ларина Л.И.</i>	70
Магістранттарда кездесетін академиялық жазудың кейбір мәселелері <i>Мухтарханова А.М., Смагулова Б.Г.</i>	72
Обучение французскому языку на основе английского: методика, практика и перспективы развития <i>Жусупова Г.М., Нурбекова Г.Ж.</i>	77
Using podcasts and shadowing techniques to enhance english language learners’ fluency and native-like pronunciation <i>Ospanova F.A., Alzhanova A.O., Sadykova A.K.</i>	85

К вопросу мотивации на занятиях Немецкого языка в неязыковом ВУЗе <i>Тусупова Г.К., Аубакирова А.К., Дюсенгалиева А.А., Буркитбаева А.Г.</i>	90
Сәулет-құрылыс факультеті студенттеріне ағылшын тілі лексикасын оқытуда этимологиялық сөздікті пайдалану <i>Кемельбекова Э.А., Мусабаева Г.М., Нургалиева У.С.</i>	96
Developing language competencies in a multilingual and lifelong learning context: insights from Kazakhstan <i>Sarkulova Zh.K., Zhumaturatova B.B.</i>	100
Применение ИИ в самостоятельной работе по иностранному языку <i>Тазбулатова Г.К., Балтынова А.Ш., Тулекеева С.А., Рыскулова А.Ш.</i>	103
Интеграция цифровых технологий в процесс обучения иностранному языку студентов медицинского университета <i>Балтынова А.Ш., Мынбосынова Г.Е., Хамзина М.Б.</i>	114

SECTION 2. INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

Влияние инновационных технологий на изучение английского языка <i>Загоруля О.Л., Абуова А., Али М.</i>	125
The role of art-based activities in vocabulary acquisition among young learners <i>Gelimova A., Alzhanova A. O.</i>	132
Egrating artificial intelligence tools into foreign language teaching <i>Zhanibekkyzy A., Balkhimbekova P.Zh.</i>	137
Формирование межкультурной компетенции студентов программы «зарубежное регионоведение» через аутентичные тексты и реалии повседневной жизни <i>Кириллова А.А., Balkhimbekova P.Zh.</i>	143
CLIL as an interdisciplinary approach: learning biology through English <i>Kanash L., Кузырова А.</i>	148
Роль английского языка в сфере гостеприимства <i>Абеева Д.Т., Ким И.С., Оспанова Ф.А.</i>	156
Английский язык как средство профессиональной коммуникации в области инженерной инфраструктуры <i>Койшубекова Ф.А., Оспанова Ф.А.</i>	163
Teaching academic writing for professional communication in ESP courses <i>Tauyekel Zh., Sadykova A.K.</i>	168
Innovative approaches to teaching academic writing in English for university students <i>Pervez Sh., Sadykova A.K.</i>	175
How artificial intelligence improves foreign language learning <i>Muratbek I., Muratkyzy A., Kuzar Zh.</i>	180
Using AI-supported genetics simulators in a bilingual learning environment: the	186

opportunities of academic English for STEM learners <i>Yeltay Zh., Kuzyrova A.</i>	
Туризм саласында ағылшын тілін меңгерудегі инновациялық технологиялар <i>Төлеген Ә., Елеусіз Ж., Оспанова Ф.А.</i>	196
Роль геймификации в повышении мотивации учащихся и их коммуникативной активности на уроках английского языка <i>Сандыбаева М., Берикболова А., Альжанова А.О.</i>	202
Promoting autopsychological competence of future teachers through English language learning <i>Karimtayeva A., Kurmanayeva D.K.</i>	212
The role of innovative technologies in foreign language teaching: a comparative analysis of traditional and online approaches <i>Khavalkhan Y., Kurmanayeva D.K.</i>	219
Innovative methods of teaching English in the digital age <i>Toleukhan A.B., Tlepova D.A., Alzhanova A.O.</i>	227
The use of English poems and songs for the development of lexical skills at the senior stage of learning <i>Tnysh tikova U.A., Yesengaliyeva A.M.</i>	232
Шет тілін оқытудың жоғары сатысында сөйлесу дағдыларын дамыту үшін TED TALKS платформасын пайдалану <i>Сусембаева К.Е.</i>	243
Assessing the effectiveness of a critical thinking curriculum on junior students' decision making skills <i>Yergazy A.E., Yessengaliyeva A.M.</i>	252

SECTION 3. LANGUAGE TRAINING IN THE CONTEXT OF MULTILINGUALISM AND LIFELONG LEARNING

Fostering language proficiency in a multilingual educational context through the image of the mother-woman in Gabit Musrepov's prose: linguodidactic and cross-cultural aspects <i>Sharapiden A.T., Kurmanayeva D.K.</i>	263
Қазақ тілді жарнама дискурсындағы тұтынушы санасын манипуляциялаудың когнитивті-прагматикалық механизмдері <i>Асхатова Ф.Е.</i>	271
From blueprints to bilingualism: language integration in civil engineering education <i>Atarbekova A.T., Ustelimova N.</i>	279
AI tools in educational media: linguistic and cultural implications <i>Abay K.N.</i>	285
Заманауи студенттердің көптілділікке ұмтылысы: себептері мен басымдықтары <i>Сабырбай Н., Қонысбай Д., Төлеу А.</i>	292
Stress resilience of first-year students: an analysis of personal and academic challenges and coping strategies	299

<i>Zagorulya O.L., Kasymova A.</i>	
English language learning in a multilingual world	306
<i>Bakytbekkyzy L., Biakhmetova M., Duishonaliyeva B.T.</i>	
Mythopoetics and cultural identity in modern Kazakh poetry	312
<i>Bektur M., Mukhtarkhanova A., Tazhitova G.</i>	
Қазақ тіліндегі англицизмдер	318
<i>Альнур А.Е., Нұрғелді С.Ж., Нурбекова Г.Ж.</i>	
The influence of English on modern Chinese vocabulary: A study of loanwords	325
<i>Daren Nuerbahati, Gulizat Nurbekova</i>	
Analysis of implementing CLIL in technical education: insights from a Kazakhstani case study for developing internationally competitive specialists	327
<i>Dinassil S., Alzhanova A.</i>	
Anglo-americanisms in Kazakh and Chinese languages	333
<i>Zhanat A., Nurbekova G.</i>	
Trilingual education system in Kazakhstan: challenges and prospects	336
<i>Toksanbayeva B., Ustelimova N.</i>	

SECTION 4. LANGUAGE EDUCATION BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру	346
<i>Нұрадин А.Б.</i>	
AI in education: help or obstacle for learning?	355
<i>Aidarkhan A., Bektemir A., Niyazbekova A.</i>	
The use of artificial intelligence in first-year students' learning: impact of independence and academic performance	361
<i>Zagorulya O.L., Boyaubay A., Kabdullin D.</i>	
English for transportation engineers: exploring the impact of artificial intelligence integration	366
<i>Igizbay A., Aubakirova A.K.</i>	
Жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін тиімді үйрену	372
<i>Қамбар М.А., Иса Б.О., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	
Интеграция ИИ-ассистентов в контексте живого общения	380
<i>Абдрасилова Ж., Наурызбай Е., Кайдаров Р.</i>	
Comparison of traditional and digital approaches in learning English	387
<i>Асылгазы А., Жеңіс А., Бұғыбай Ұ., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	
Transformation of the educational system in Kazakhstan: impact of AI	394
<i>Shakirbekova D.A., Smagulova B.G.</i>	
The use of artificial intelligence in developing speaking and writing skills for language tests: a systematic review	400
<i>Bazarbek M., Shakhputova Z.Kh.</i>	

Digital Interactive Platforms as a Tool for Enhancing English Language Learning <i>Makhambetova Zh.</i>	409
Artificial intelligence and digital technologies in foreign language education: a critical review of opportunities and challenges in the post-chatgpt era <i>Koshenov D., Alzhanova A.O.</i>	415
Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру <i>Тұрсынбек Л., Тусупова Г.К.</i>	422
Features of foreign language acquisition through digital platforms in the context of lifelong learning <i>Zarkeshova K., Alzhanova A.O.</i>	426
Innovative methods of teaching chemistry using artificial intelligence: combining theory and practice <i>Kusmanova K.E., Amangeldy D.T., Mukanova S.K.</i>	433
Инновационные подходы к формированию лексической компетенции у студентов языковых вузов посредством мобильных приложений <i>Мелдешова А., Ораз Ә., Шотанова Ж., Жорабекова Д.М.</i>	442
Language education based on digital technologies and artificial intelligence <i>Saparaliyeva A., Kemelbekova E.A.</i>	449

Intelligence in Transportation: A Review. *International Journal of Scientific Research in Science Engineering and Technology*, 11(2), 142–146. <https://doi.org/10.32628/ijrsrset2411212>

4. Искусственный интеллект в КТЖ — новый уровень управления железной дорогой - Железнодорожник Казахстана. (2025). Rail-News.kz. <https://rail-news.kz/ru/news/22073-iskusstvennyi-intellekt-v-ktz-novy-uroven-upravleniia-zeleznoi-dorogoi.html>

5. Lyovin, B. A., Piskunov, A. A., Poliakov, B. Yu., Savin, A. V. Application of Artificial Intelligence in Transport Construction: Engineering and Educational Aspects. *World of Transport and Transportation*, 2022, Vol. 20, Iss. 1 (98), pp. 208–213. DOI: <https://doi.org/10.30932/1992-3252-2022-20-1-9>.

6. Lipatov, A. G., Belova, E. Yu. Vehicle Operational Efficiency Using Artificial Intelligence. *Инновации и инвестиции*. (2023) pp. 165-167.

7. Jagatheesaperumal, S.K., Bibri, S.E., Huang, J. *et al.* Artificial intelligence of things for smart cities: advanced solutions for enhancing transportation safety. *Comput.Urban Sci.* 4, 10 (2024). <https://doi.org/10.1007/s43762-024-00120-6>

8. *AI in transportation: solutions for modern challenges*. (2024, October 31). Technology & Software Development Blog | Future Processing. <https://www.future-processing.com/blog/ai-in-transportation-industry/>

9. Hancock, P. (2018, February 3). *Are Autonomous Cars Really Safer than Human Drivers?* Scientific American. <https://www.scientificamerican.com/article/are-autonomous-cars-really-safer-than-human-drivers/>

10. Tanasheva, D. (2025). *The Law of the Republic of Kazakhstan “On Artificial Intelligence” has been adopted*. Ey.com. https://www.ey.com/en_kz/technical/tax-alerts/2025/12/law-on-artificial-intelligence-kazakhstan#tabs-de8e70b5d1-item-bf611c3184-tab

14.07:16.31(28.23)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТИІМДІ ҮЙРЕНУ

Қамбар М.А., Иса Б.О.

Еуразия ұлттық университеті им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Қазақстан

Жетекші: Дуйшоналиева Б.Т.

orynb.botakoz@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада жасанды интеллекттің ағылшын тілін үйренудегі рөлі мен тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында Elsa Speak, Grammarly

және ChatGPT сияқты заманауи платформалардың тілдік дағдыларды дамытудағы мүмкіндіктері талданған. Теориялық және эмпирикалық әдістер негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелері жасанды интеллекттің оқушылардың мотивациясын арттырып, оқу процесін жекелендіруге ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, сауалнама мен сұхбат нәтижелері арқылы тіл үйрену барысында кездесетін негізгі қиындықтар анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды. Жасанды интеллект құралдарының көмегімен тіл үйрену интерактивті, икемді және нәтижелі болатыны дәлелденді. Қорытындысында, ЖИ технологиялары ағылшын тілін меңгерудің ең перспективалы және тиімді құралдарының бірі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, ағылшын тілін үйрену, цифрлық білім беру, тілдік дағдылар, интерактивті оқыту.

Аннотация

В данной статье всесторонне рассматривается роль и эффективность искусственного интеллекта в изучении английского языка. В ходе исследования проанализированы возможности современных платформ, таких как Elsa Speak, Grammarly и ChatGPT, в развитии языковых навыков. Результаты, полученные на основе теоретических и эмпирических методов, показали, что искусственный интеллект способствует повышению мотивации обучающихся и индивидуализации образовательного процесса. Кроме того, с помощью анкетирования и интервью были выявлены основные трудности, возникающие при изучении языка, и предложены пути их решения. Доказано, что использование инструментов искусственного интеллекта делает процесс обучения интерактивным, гибким и эффективным. В заключение отмечается, что технологии ИИ являются одним из наиболее перспективных и результативных средств изучения английского языка.

Ключевые слова: искусственный интеллект, изучение английского языка, цифровое образование, языковые навыки, интерактивное обучение.

Abstract

This article comprehensively examines the role and effectiveness of artificial intelligence in learning the English language. The study analyzes the capabilities of modern platforms such as Elsa Speak, Grammarly, and ChatGPT in developing language skills. The results obtained through theoretical and empirical methods demonstrate that artificial intelligence enhances learners' motivation and supports the individualization of the learning process. In addition, surveys and interviews helped identify key challenges faced by learners and propose practical solutions. The study proves that the use of AI tools makes language learning more interactive, flexible, and effective. In conclusion, AI technologies are considered one of the most promising and efficient tools for learning English.

Keywords: artificial intelligence, English language learning, digital education,

language skills, interactive learning.

Кіріспе

Қазіргі заманда технологиялар өте жылдам дамып келеді, және олардың ішінде ең перспективті бағыттардың бірі – жасанды интеллект (ЖИ). Жасанды интеллект - адамға тән интеллектуалды қабілеттерді (үйрену, талдау, шешім қабылдау) имитациялайтын, деректерді өңдеп, тапсырмаларды өздігінен орындай алатын компьютерлік бағдарламалар ғылымы. Ол тәжірибе негізінде бейімделеді және күрделі тапсырмаларды адамнан жылдам орындай алады. Мысалы, ЖИ мәтінді түсініп, суреттерді танып, күрделі есептерді шеше алады. Қарапайым тілмен айтсақ, ЖИ – бұл компьютердің “ойлай алу қабілеті”, ол біздің өмірімізді жеңілдетіп, көптеген салаларда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Жасанды интеллекттің қазіргі қоғамдағы рөлі ерекше. Ол білім беру саласында жаңа революциялық әдістер енгізіп жатыр. Мысалы, ЖИ жеке оқушыларға арналған сабақтарды жасауға, олардың оқу деңгейін бағалауға және қателіктерін түзетуге көмектеседі. Сонымен қатар, ол білім беру процесіндегі тапсырмаларды тексеру немесе бағалауды жеделдетеді. ЖИ виртуалды оқу орталарын жасап, сабақтарды интерактивті және қызықты етеді, бұл білім алу процесін жеңілдетіп, тиімділігін арттырады.

Ағылшын тілі қазіргі қоғамда өте маңызды. Бұл тіл халықаралық қатынас тілі болып саналады және ғылым, технология, бизнес, мәдениет және туризм сияқты көптеген салаларда негізгі байланыс құралы болып табылады. Ағылшын тілін білу адамдарға шетелдік ақпаратқа қол жеткізуге, кәсіби дамуға, шетелдік оқу орындарына түсуге және халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ағылшын тілін білу интернеттегі ресурстарды тиімді пайдалану, кәсіби және жеке жобаларды жүзеге асыру, жаңа адамдармен байланыс жасау сияқты артықшылықтарды береді.

Ағылшын тілін үйренудің дәстүрлі әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: оқулықтар мен грамматика кітаптарын оқу, сөздік жаттау, тыңдалым жаттығулары, жазбаша тапсырмаларды орындау және тілдік ортада сөйлеу. Бірақ көп адамдар үшін бұл әдістер біртұтас және эффективті болмауы мүмкін, әсіресе өз бетімен оқыған кезде. Яғни, өз уақыты мен ресурстарын дұрыс пайдаланбаудың салдарынан тіл үйрену процесі ұзаққа созылады, тіпті ешқандай нәтиже бермеуі де мүмкін. Демек, әр адамның жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Және осы ерекшеліктерді ескере отырып индивидуалды әдістерді таңдайтын болсақ, тіл үйрену тек қажеттілік емес, біртұтас, қызық әрі нәтижелі болары сөзсіз.

Қазіргі кезде ағылшын тілін үйренудің ең тиімді әдістерінің бірі – жасанды интеллект арқылы оқу. ЖИ тіл үйрену процесін жеке оқушыға бейімдей алады, оқу материалдарын оның деңгейіне сәйкес ұсынып, қателіктерін дереу көрсетеді және дұрыс жауаптарды түсіндіреді. Сонымен қатар, ЖИ көмегімен интерактивті тапсырмаларды орындауға, мәтіндерді оқу мен аудио тыңдау

машықтарын жетілдіруге, сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Мысалы, чат-боттармен диалог жүргізу арқылы адам тілдік қорын кеңейтеді, грамматикалық құрылымдарды практикада қолданады және жаңа сөздерді контекст арқылы есте сақтайды.

Осылайша, жасанды интеллект тек технологиялық құрал ғана емес, ағылшын тілін үйренудің ең тиімді әдісін ұсынатын көмекші болып отыр. Ол білім алу процесін жеке, ыңғайлы және қызықты етеді, тіл үйренушіге нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Осы мақалада біз жасанды интеллекттің ағылшын тілін үйренудегі рөлін, тиімді әдістерін және практикалық қолдану жолдарын қарастырамыз, бұл қазіргі заманда тіл үйренуді барынша оңай әрі нәтижелі етудің ең қолайлы тәсілі болып табылады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін тиімді үйрену тәжірибесін жан-жақты қарастыру мақсатында бірнеше зерттеу әдісі қолданылды. Ең алдымен теориялық талдау әдісі пайдаланыла отырып, қазіргі заманғы танымал платформалар және олардың оқу процесіне әсері зерттелді. Қазіргі таңда бірнеше эффективті және қолжетімді жасанды интеллектке қатысты онлайн сайттар, қолданбалар мен бағдарламалар бар. Олардың әрқайсысы тіл үйренуде өзіндік ерекшеліктерге ие және білім алушыға оқу процесін оңтайландыруға өз септігін тигізеді. Солардың бірі Elsa Speak – ағылшын тілін үйренуге арналған жасанды интеллектке негізделген заманауи қосымша, әсіресе айтылым (pronunciation) дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл платформада қолданылатын негізгі технология – сөйлеуді тану (speech recognition) және фонетикалық талдау, соның арқасында пайдаланушының дыбыстау ерекшеліктері нақты бағаланып, жекелендірілген кері байланыс ұсынылады.

Қосымшаның басты ерекшелігі – әрбір сөздің, дыбыстың және сөйлемнің айтылуын талдап, оны ана тілінде сөйлейтін адамның үлгісімен салыстыру арқылы Speaking дағдыларын жетілдіру. Жүйе қателерді тек анықтап қана қоймай, оларды түзету жолдарын да нақты көрсетеді. Мысалы, дыбыстың дұрыс шықпаған тұстарын белгілеп, тілдің, еріннің және жақтың қалай орналасуы керектігін түсіндіреді. Бұл оқушыға тек жаттап емес, саналы түрде дұрыс сөйлеуді меңгеруге мүмкіндік береді.

Elsa Speak-тің тағы бір маңызды артықшылығы – оның жекелендірілген оқу жүйесі. Қосымша пайдаланушының деңгейін автоматты түрде анықтап, соған сәйкес оқу жоспарын құрады. Әр сабақ қысқа, интерактивті форматта ұсынылады, бұл әсіресе уақыт тапшылығы бар қолданушылар үшін тиімді. Сонымен қатар, платформада күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер мен тіркестер қамтылған, бұл тілдік дағдыларды практикалық тұрғыдан дамытуға ықпал етеді.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, Elsa Speak тілді нақты коммуникативтік жағдайда қолдануға үйретеді. Пайдаланушы тек сөздерді дұрыс айтуға ғана емес,

оларды табиғи контексте қолдануға да дағдыланады. Бұл әсіресе шетелдік ортада еркін сөйлесуге дайындық үшін маңызды.

Тағы бір мысал – Grammarly. Бұл құрал жазылымдағы қателерді автоматты түрде анықтап, түзету жолдарын ұсынады. Мысалы, оқушы эссе немесе қысқа жазба жазған кезде Grammarly бірден грамматикалық немесе пунктуациялық қателерді белгілеп, дұрыс нұсқасын ұсынады. Бұл оқушыға қателерін тез түзетуге және өз жазу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұндай кері байланыс дәстүрлі сабақтағы мұғалімнің бір уақытта барлық оқушылардың жұмысын тексеруіне қарағанда әлдеқайда жедел және тиімді болып отыр. Демек, оқушы бұл бағдарламаны қолдана отыра, дәстүрлі білім алудан қарағанда өз қателерімен эффективті түрде жұмыстана алады.

Сонымен қатар, ChatGPT платформасын да мысал ретінде қарастыра аламыз. Қазіргі таңда ол сөйлеу және тілдік коммуникативтік дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол білім беру саласында жаңа кезеңнің қалыптасуына ықпал етіп, әсіресе шет тілдерін меңгеру үдерісін айтарлықтай жеңілдетеді. ChatGPT – ағылшын тілін үйренуді тиімді әрі қолжетімді ететін интеллектуалды құрал. Жүйе әр қолданушының деңгейіне бейімделіп, грамматикалық құрылымдарды түсіндіру, сөздік қорды кеңейту, сондай-ақ сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Passive Voice, Reported Speech, сияқты тақырыптарды нақты ережелер мен қолданыс мысалдары арқылы түсіндіреді.

ChatGPT контекстке негізделген оқытуға ерекше мән береді. Ол сөз тіркестері, идиомалар және кәсіби лексиканы нақты жағдаяттарда қолдану арқылы тілдік дағдыларды тереңдетеді. Сонымен қатар, интерактивті диалогтар мен мәтіндік жаттығулар арқылы қолданушыға практикалық тәжірибе жинақтауға жағдай жасайды. Мысалы, студент “I have visited London” деген сөйлемді қолданса, жүйе Present Perfect шақтың қолданылу себебін түсіндіріп береді. Бұдан бөлек, күрделі мәтіндерді талдау, аудару, қысқаша мазмұндау, эссе немесе хат жазу сияқты тапсырмалар арқылы оқу процесі жан-жақты дамытылады.

Жүйенің маңызды артықшылықтарының бірі – қателерді анықтап қана қоймай, олардың себептерін түсіндіруі. ChatGPT оқушының білім деңгейін бағалап, әлсіз тұстарын анықтайды және соған сәйкес қосымша тапсырмалар ұсынады. Мысалы, грамматикадан қиындық туындаса, арнайы жаттығулар береді, ал сөздік қор мен сөйлеу дағдыларын дамыту үшін интерактивті тапсырмалар ұсынады.

Қолданушы түсінбеген тұстарын қайта сұрап, нақты әрі жедел жауап ала алады, бұл оқу процесін икемді және нәтижелі етеді. Жүйе әр адамның оқу қарқынына бейімделіп, жеке тәсіл ұсынады. Сонымен қатар, сұхбат үлгілері және кәсіби мәтіндер арқылы шынайы өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған теориялық талдаулардың практикалық қолданысы мен

маңызын анықтау үшін зерттеу барысында эмпирикалық әдістерді де пайдаландық. Эмпирикалық әдістердің ішінде сауалнама маңызды орын алды, себебі ол оқушылардың жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәжірибесін нақты әрі жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Сол себепті, біз Google Forms бағдарламасы арқылы онлайн түрде анонимді сауалнама жасап, оны әртүрлі топ өкілдерінің өтуін сұрадық. Зерттеу барысында сауалнамаға шамамен 50 адам қатысып, олардың әртүрлі платформаларды қолдану тәжірибесі жинақталды. Мысалы, кейбір қатысушылар жазылым кезінде жиі қателіктер жіберетінін айтып, оларды түзету үшін негізінен ChatGPT қолданатынын атап өтті. Ал кейбірі жаңа сөздерді тез жаттап, есте сақтау қабілетін дамыту үшін Quizlet AI немесе Memrise сияқты қосымшаларды пайдаланатынын айтса, енді бір бөлігі ChatGPT-мен әңгімелесу арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тырысатынын және оны өздерінің жеке уақытында күнделікті практика үшін қолданатынын бөлісті.

Білім алушылар әртүрлі типтегі мәселелерге тап болуы мүмкін екені мәлім. Сондықтан, осы мәселелерді тереңірек түсіну үшін зерттеу барысында оқушылармен бетпе-бет сұхбаттасуды да жөн санадық. Апта сайын оқу - танысу практикасына баратын мектеп-лицейдің оқушыларымен жасанды интеллект негізінде ағылшын тілін үйрену туралы ойлары жөнінде сұхбаттасып, көпшілік тап болатын кейбір қиындықтарды талқыладық.

Сұхбат нәтижелері оқушылардың бірнеше негізгі проблемаларға тап болатындарын көрсетті. Бірінші мәселе – кейбір оқушылар жаңа сөздерді жаттау кезінде қиындықтар туындағанын атап өтті. Мысалы, бір оқушы: “Duolingo-да күнделікті жаттығу жасаймын, бірақ жаңа сөздерді есте сақтау қиын, кейде оларды жазуда немесе сөйлеуде ұмытып кетемін” деді. Бұл жаңа сөздерді тұрақты түрде қайталау қажеттілігін көрсетеді.

Екінші мәселе – кейбір оқушылар платформаның кейбір функцияларын толық түсінбейтінімен бөлісті. Мысалы, Quizlet AI немесе Grammarly қолданғанда, толық функционалды пайдалана алмай, тек негізгі мүмкіндіктерін қолданатынын атап өтті. Бұл кейде оқу процесін баяулатып, оқушының мотивациясына әсер етеді.

Үшінші маңызды мәселе – техникалық кедергілер. Кейбір оқушылар интернеттің тұрақсыздығынан немесе құрылғылардың шектеулілігінен платформаларды тиімді пайдалана алмай отырғанын жеткізді. Бір оқушы: “Үйде Wi-Fi баяу, сондықтан сабақтарды толық аяқтай алмаймын” деді. Бұл жағдай технологияны қолданудағы сыртқы факторлардың да маңызды екенін көрсетті.

Осылайша, сұхбат тек теориялық талдау мен сауалнама арқылы көрінбейтін нақты қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер жасанды интеллект құралдарын қолдану барысында туындайтын нақты мәселелерді түсінуге және олардың шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект құралдары ағылшын тілін үйренуге нақты оң әсерін тигізеді, әсіресе оқушылардың мотивациясы мен оқу процесіндегі белсенділігін арттыруда. Теориялық талдау негізінде алынған мәліметтер көрсеткендей, қазіргі замандағы платформалар – Elsa Speak, Grammarly, Quizlet және ChatGPT тіл үйренушілердің әртүрлі дағдыларын дамытуға бағытталған. Біреуі сөздік қорды кеңейтсе, екіншісі грамматиканы жетілдіреді, ал үшіншісі сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осындай құралдардың көптігі білім алушыларға өзіне ыңғайлы әдісті таңдап, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олардың көпшілігі қолжетімді және қолдануға жеңіл болғандықтан, кез келген адам өз бетінше тіл үйрене алады.

Сауалнама нәтижелері, тіл үйренушілердің басым бөлігі жасанды интеллект құралдарын ағылшын тілін үйренуде пайдалы деп есептейтінін және оларды белсенді түрде қолданатынын көрсетті. Оқушылар бұл құралдардың көмегімен жаңа сөздерді тез меңгеруге, грамматикалық қателерін түзетуге және сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алатынын атап өтті. Сонымен қатар, кейбір қатысушылар жасанды интеллектті күнделікті практика үшін қолданатынын, яғни бос уақытында тілдік дағдыларын жетілдіруге тырысатынын айтты. Бұл қазіргі жастардың технологияны тек ойын-сауық құралы ретінде емес, білім алу үшін де тиімді пайдаланатынын көрсетеді.

Алайда, сауалнама барысында жасанды интеллект құралдарын мүлде қолданбайтын немесе қолдану тәжірибесі аз адамдар да кездесті. Дегенмен, олардың көпшілігі болашақта бұл платформаларды пайдалануға қызығушылық білдірді. Бұл жағдай жасанды интеллекттің білім беру саласында әлі де кеңінен насихатталуы және көпшілікке оны дұрыс қолдануды үйрету қажеттігін көрсетеді.

Сұхбат нәтижелері оқушылардың нақты қиындықтарға тап болатынын айқындады. Ең алдымен, жаңа сөздерді есте сақтау мәселесі жиі кездесетіні анықталды. Бұл мәселені шешу үшін сөздерді тек жаттап қана қоймай, оларды сөйлем ішінде қолданып, тұрақты түрде қайталау қажет. Мұнда Quizlet немесе Duolingo сияқты платформалардың қайталау жүйесін тиімді пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, ChatGPT көмегімен жаңа сөздерді контексте қолдану арқылы есте сақтау процесін жеңілдетуге болады.

Екінші мәселе – кейбір оқушылардың платформалардың барлық мүмкіндіктерін толық пайдаланбауы. Бұл мәселені шешу үшін оқушыларға арнайы нұсқаулықтар беру, қысқаша тренингтер ұйымдастыру немесе мұғалімнің бағыт-бағдар көрсетуі маңызды. Платформалардың толық функционалын меңгеру оқу процесінің тиімділігін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз.

Үшінші мәселе – техникалық қиындықтар, атап айтқанда интернеттің тұрақсыздығы немесе құрылғылардың жеткіліксіздігі. Бұл мәселені шешу үшін

оффлайн режимде жұмыс істейтін қосымшаларды пайдалану немесе оқу материалдарын алдын ала жүктеп алу ұсынылады. Сонымен қатар, білім беру мекемелері тарапынан техникалық қолдауды күшейту де маңызды рөл атқарады деп ойлаймыз.

Зерттеу әдістері мен олардың нәтижелеріне сүйене отыра, салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, дәстүрлі оқыту әдістері мен жасанды интеллектке негізделген оқыту тәсілдерінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды байқауға болады. Дәстүрлі оқытуда тілдік дағдыларды дамыту көбіне теориялық материалдар мен шектеулі практикалық жаттығулар арқылы жүзеге асса, жасанды интеллект технологиялары оқыту үдерісін интерактивті, икемді және жекелендірілген деңгейге көтереді. Нәтижелер көрсеткендей, ЖИ құралдарын қолдану тілдік дағдыларды меңгеру қарқынын арттырып, оқушылардың оқу мотивациясына оң әсер етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарының ағылшын тілін үйренуде үлкен мүмкіндіктерге ие екенін көрсетті. Олар оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, оны қызықты, интерактивті және тиімді етеді. Сонымен бірге, анықталған мәселелерді ескере отырып, жасанды интеллектті дұрыс және толық пайдалану арқылы тіл үйрену процесін одан әрі жетілдіруге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жасанды интеллект (ЖИ) ағылшын тілін үйренуде революциялық құралға айналып отыр. ЖИ негізіндегі қосымшалар мен платформалар оқушыға жеке тәсіл мен икемділік ұсынады. Мысалы, тілдік модельдер сөйлемдерді түзету, сөздік қорын байыту және грамматика бойынша нақты ұсыныстар беру арқылы оқу процесін жекешелендіреді. Бұл дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда уақытты тиімді пайдалану және білімді тез меңгеруге мүмкіндік береді.

ЖИ тек қана білім беруші құрал ретінде емес, қателерді тез анықтап, жылдам кері байланыс беру арқылы оқуды тиімдірек жасайтын сенімді серіктес болып табылады. Оқушы өз деңгейіне сай тапсырмаларды орындай отырып, сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын біртіндеп жетілдіреді. Бұл технология оқушының мотивациясын арттырып, тіл үйренуге деген қызығушылығын тұрақты ұстап тұрады.

Сонымен қатар, ЖИ платформаларын пайдалану оқу уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қолданушылар өздеріне ыңғайлы уақытта және қарқынмен тілдік дағдыларын дамыта алады, бұл әсіресе заманауи өмірдің қарбалас кестесінде маңызды. ЖИ технологиялары оқушының білім алу сапасын арттырып, оқу процесін интерактивті, икемді және нәтижелі етеді.

Одан бөлек, ЖИ тіл үйренушіні әрдайым интерактивті тәжірибе арқылы ынталандырады. Ойындар, виртуалды сөйлесу серіктестері, мәтінді аудару және дауыстық жаттығулар сияқты құралдар оқушының қызығушылығын арттырады

және тілдік дағдыларды тұрақты дамытуға ықпал етеді. ЖИ тек білім беруші құрал ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде қателіктерді тез анықтап, түзетуге көмектесетін сенімді көмекші болып табылады.

Демек, жасанды интеллект ағылшын тілін үйренуді жекешелендірілген, интерактивті және уақытты үнемдейтін процесске айналдырады. Технологияны тиімді қолдана отырып, әрбір тіл үйренушіні өз деңгейіне сай білім алып, сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын біртіндеп жетілдіре алады. ЖИ заманауи тіл үйренудің ең перспективалы құралдарының бірі болып қала бермек, бірақ оны дұрыс бағыттау мен адам факторының үйлесімі оқу нәтижесінің сапасын анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Альченова А., Карелхан Н. Білім беру саласындағы жасанды интеллекттің ағымдағы үрдістері мен болашақ мүмкіндіктері // [Электронды ресурс: <https://testcenter-zhurnal.kz/index.php/sap/article/view/11>] (28.03.2025).
2. Укубай О.Е. Қазіргі қоғамдағы жасанды интеллекттің рөлі // [Электронды ресурс: <https://bilinger.kz/178458>] (29.04.2025).
3. Khonqulova Z. S. The Impact of English as a Global Language // International Journal of Academic Innovation. – 2024. – №3. – С. 355–357.
4. Kholis A. Elsa Speak App: Automatic Speech Recognition (ASR) for Supplementing English Pronunciation Skills. – Jakarta: Academic Press, 2021. – 14 p.
5. Antasari A. Q. M., Antasari S. Maximizing ELSA Speak for Developing English Fluency and Reducing Speaking Barriers in Language Learners // Issues in Applied Linguistics & Language Teaching. – 2025. – Vol. 7, No. 1. – С. 262–271.
6. Джандильдинов М., Ерсұлтанова Г. Использование искусственного интеллекта в обучении английскому языку: возможности и перспективы // педагогические измерения. – 2025. – №2(2). – С. 108–121.

ГРНТИ 16.21.25

ИНТЕГРАЦИЯ ИИ-АССИСТЕНТОВ В КОНТЕКСТЕ ЖИВОГО ОБЩЕНИЯ

Жанель Абдрасилова, Ерназар Наурызбай, Расул Кайдаров

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Аннотация

В статье рассматривается использование искусственного интеллекта в качестве ассистента, сопровождающего живой диалог при изучении иностранного языка. Актуальность работы обусловлена проблемой языковой